

**Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті**
Ғылыми кеңестің № 9 хаттамасы
« 14 » сәуір 2022 ж.
Ректор _____ **М.Әл-Жинди**



**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
ректорының 2021 жылы бойынша
ЕСЕБІ**

I. Оқытушы-профессорлық құрамы:

Университеттің оқытушы профессорлық құрамының саны – 104: PhD, ғылым докторы – 39 (оның ішінде 18 мысырлық PhD докторлары), ғылым кандидаты – 20 және магистр оқытушылар саны – 45.

II. Университет білім алушылары:

2021 жылдың желтоқсан айында Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде 1653 бакалвр, 86 магистрант, 22 докторант болып жалпы **1761** білім алушы тәлім алды. Мемелкеттік білім грант иегерлерінің саны баклавриатта – 830, магистратурада – 76, докторантурада – 19. Ағымдағы жылы университеттен 271 түлек академиялық дәрежесін алды.

III. Оқу үдерісі:

Нұр-Мұбарак университетіндегі оқу үдерісі осы жылдың I семестрінде аралас форматта өтсе, ал II семестрінің сабақтары онлайн түрде жалғасты. Қашықтан білім беру жүйесі MOODLE, Google Class, Telegram, WhatsApp әлеуметтік желілері арқылы іске асырылды. Қысқы емтихан университетте дәстүрлі түрде жазбаша, ауызша және тестілеу формасында өткізілді.

Бітруші түлектердің диплом қорғау үдерісі Zoom бағдарламасы арқылы онлайн жүргізіліп, GoogleForum бағдарламасы арқылы бағаланды.

Осы жылы университетіміз «Шетел тілі: екі шет тілі» (Араб және ағылшын) білім беру бағдарламасының магистратура мен докторантура деңгейлері бойынша лицензияларын алды. Оған қоса, «Аударма ісі» мамандығы бойынша білім беріге әзірлік жұмыстарын бастайды.

IV. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша:

Университет оқытушы-профессорлар құрамының ғылыммен шұғылдануға ынталандырады. Биылғы жылы университет тарапынан 42 оқу құралы, 58 монография, 215 ВАК мақалалары, 83 Импакт фактор мақалалары жарыққа шықты.

Нұр-Мұбарак ЕИМ университеті 2001 жылы Мысыр Араб Республикасы және Қазақстан Республикасы арасында жасалған ынтымақтастық туралы келісім шарт аясында құрылды. 2021 жылы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті өз 20 жылдық мерейтойын өткізді. Осыған орай, «Ұлттық рухани тұтастықты дамытудағы діни білім берудің маңызы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Конференцияға 10 мемлекетінен атақты профессорлар оқытушылары баяндама жасап, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму Министрлігі және Мысыр Араб Республикасының ВАҚФ Министрлігінің өкілдері, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, Әл Азхар университетінің және Біріккен ұлттар ұйымының өкілдері қатысты.

V. Университеттің ағымдағы жылы жеткен жетістіктері:

Ағымдағы жылы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ұлттық рейтингте НМУ ТОП-20 университет қатарына кірді. «Дінтану және теология» білім беру бағдарламасы ұлттық рейтингте 1 орын иеленді, сонымен қатар, «Дінтану», «Исламтану» бағдарламалары бойынша магистратура және докторантура деңгейлері 1 орын алды.

VI. Университеттің қоғамға қызметі:

Университет діни экстремизмге қарсы күрес орталығы арқылы экстремизм құрығына түскен кейбір жастардың қате түсініктерін түзетуге қатысады.

Сондай-ақ, университет бітіруші түлектердің ассоциациясы ашылып, студенттердің және бітірушілердің жағдайын көтеруге жұмысын жүргізіп отыр. Ал, білім алушылардың арасында Samgau волонтерлық тобы құрылып, қоғамға өз үлесін қосуда.

VII. Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметі:

2021 жылы материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында 8 800 000 теңге, оның ішінде құрылыс жұмыстарына – 6 000 000 теңге, студенттерге қызмет көрсету орталығын жабдықтауға – 1 000 000 теңге, «Тәуелсіздік» жиналыс залын жабдықтауға – 1 800 000 теңге.


Бейнебақылау жүйесін қалпына келтіру үшін – 325 000 теңге, Platonus дерекқор жүйесінің 1 жылдық ақпараттық қызмет көрсетуі – 2 000 000 теңге, аталған жүйесінде қосымша опция сатып алуға – 5 112 700 теңге, Documentolog цифрлік құжат айналымы базасын сатып алуға – 2 179 241 теңге жұмсалды.

2021 жылы бойынша қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі

Кіріс – 796 690 425 теңге

Шығыс – 1 042 053 811 теңге

Міндетті шығындар құрылымы



73% – Жалақы және салық шығындары

16% – Қаржылық қолдау және ынталандыру

1% – Саяхат шығындары

7% – Коммуналдық және байланыс шығындары

3% – Қызмет көрсету шығындары

Қорытындылай келе, 2021 жылында университеттегі жөндеу жұмыстарына және іс-шаралар ұйымдастыруға қаражат университет бюджетінен тыс сырттан тартылды.

Ректор

Мухаммад әш-Шаххат әл-Жинди